



БҰЙРЫҚ

2024 03 09

Сәтбаев қаласы

ПРИКАЗ

№ 86

город Сатпаев

7 Сыбайлас жемқорлықтың
алдын-алу жөніндегі
шараларға жауаптылық
туралы

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру мен білім беру ұйымдарында ішкі тәртіптік қағидаларының бұзушылығын болдырмау мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Барлық мұғалімдерге, сынып жетекшілерге және мектептің қызметкерлеріне мектепшілік және сыныптық қорларды құруға тиым салынсын;
 - білім алушылармен тәрбиешілердің ата-аналарынан ақшалай қаржы жинауға жол берілмесін;
 - коммерциялық құрылымдардың жарнамалық парақшаларын таратуға, байланыс операторлардың, тамақтандыруды ұйымдастырудың, киім тіккізу және тағы да басқаша коммерциялық іс шараларды болдырмауға;
 - мектепті мерекелік күндерге безендіруге ақшалай қаржы жинауға;
 - мерекелік күндерге арналған концерттік бағдарламаларды өткізу үшін ақшалай қаржы жинауға;
 - мерекелік күндерге сыйлықтар, жүлделер, тәтті тағамдар алу үшін ақшалай қаржы жинауға;
 - мерекелік шараларға аниматорларды, мерекелік агенттіктерді жеке студияларды тартуға;
 - мерекелік дастархандарды ұйымдастыруға;
 - жалға берілетін автокөліктерді пайдалана отырып, қала бойынша экскурсиялар өткізуге;
 - әкімшілік пен педагогикалық ұжымға сыйлыққа қаражат жинауға.
2. Сынып жетекшілерге, пән-мұғалімдеріне 9-шы, 11-ші сыныптардың білім алушылары бітіруші мемлекеттік емтихандарды тапсыруына байланысты оқушылардың ата-аналарынан ақшалай қаржы жинауға тиым салынсын.
 - 4-ші, 9-шы, 11-ші сыныптарда бітіруші кештерін өткізуге және сыйлықтар алуға ақшалай қаржы жинауға тиым салынсын.

3. Сайыстар мен интеллектуалдық ойындарға қатысатын оқушылардың төлем ақысын ерікті түрде, бюджеттің есебінен қаржыландырылмайтын, екінші деңгейдегі банктер арқылы ата-аналар қолма-қол ұйымдастырушылардың есебіне төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Оқу орнының қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата-аналар комитеттері мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізісін.

5. Берілген бұйрықтың орындалуының арнайы жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Избасарова Г.Б., Севостьянова Н.Я., 1-11 сыныптың сынып жетекшілеріне, шағын-орталықпен мектеп алды даярлық сыныбының тәрбиешілеріне жүктелсін.

6. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Ф.О.Сыздыкова